



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мажилис Парламента

201__ жылғы “_____” _____
№ _____

«__» _____ 201__ года
№ _____

2017 жылғы 19 сәуірде
жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
Е.К. Сағадиевке**

**Депутаттық сауал
Құрметті Ерлан Кенжеғалиұлы!**

Ұлттық бірыңғай тестілеу мәселесі бүгінгі депутаттық сауалға арқау болмақ.

ҰБТ төңірегіндегі әлемдік тәжірибеге сүйенген реформаның жалпы бағыты қолдарлық. Жалпы форматында оң өзгерістер баршылық. Мұнда басты проблема сұрақтың сапасында болып тұр.

Жалпы білім саласында әрбір қадамның негізгі көздеген мақсатынан тыс идеологиялық бағыты, рухани жүгі ешқашан назардан тыс қалмауға тиісті маңызды мәселе.

Бүгінде білім саласының эксперимент алаңына айналып кетуі өте алаңдарлық құбылыс.

Негізі білім саласына қатысты бірде бір мағлұмат жауапсыз жазылуға тиіс емес. Онымен сусындаған баланың ертеңгі азаматтық позициясына, мемлекетшілдігіне, елімшілдігіне, тарихи санасының қалыптасуына әсер ететінін ерекше ескеру міндет.

«Егемен Қазақстан» газетінде (2017 ж. 01.03.) жарияланған ҰБТ сұрақтары қоғамның айрықша наразылығына душар болғанына бәріміз куәміз. Тест сұрақтарында Ермек Тұрсынов, Баян Есентаева, Нұртас Адамбаев сияқты шоу бизнес, эстрада жұлдыздарының өкілдері жүр. Әлеуметтік желідегі комментарийлерден халықтың наразылығын айқын көруге болады. Осы орайда мысал келтірейін:

«Астанадағы муниципалды театрды айтқанда, тарихы терең М.Әуезов атындағы академиялық театр неге назардан тыс қалған?»;

«Не үлгісі, не өнегесі жоқ Баян Есентаева, Ермек Тұрсыновты ұрпаққа үлгі қылудан не ұтамыз?!»;

«Причем здесь Фредди Роуч?!»;

«О.Шишигина мен С.Сәтievті депутат деп қоспай-ақ қойсын. Олимп шыңын бағындырған Д.Баландин мен Д. Елеусіновті қосса, қайтер еді?!»;

«Жақсы, Ш.Айманов пен С.Ходжиковты ұмытсын. Қайтыс болған. Ал А.Әшімов, Д.Жолжақсынов қайда?! Тәрізі кәрі деген шығар. Ендеше ешкі сүйреткен киносымен елді масқаралаған Е.Тұрсынов «Жаужүрек мың бала» түсірген А.Сатаевтан несімен озды?! Н.Адамбаевтың «Келинка Сабинасы» Керей мен Жәнібектен (Р.Әбдірашев «Қазақ хандығы») қазақ үшін қадірлі болып па?!»;

«Айтпақшы, қазір ол Б.Есентаева емес Баян Мақсатқызы.»;

«Ана тіліне шорқақ, мемлекеттік тілде сөйлемейтін адамдарды әдейі таңдаған ба?»

Осы секілді сынаған пікірлер өте көп.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жазылғандай, ұрпаққа саналы тәрбие, рухани жаңғыруымызға, тарихи жадымызға оң септігін тигізетін үрдіс осы салаға айрықша қажет дер едік.

Осы орайда классикалық негіз, академиялық нұсқа деген дүние қашаннан ғылымға іргетас болған. Жалаң түсіндіру емес, ойлануға үйрету, ізденіп тапқан білімін өмірде тұтынуға бейімдеу қажеттігі айтпаса да түсінікті. Академиялық жазбаларға сүйенбей, интернеттен мағлұмат алу және оны еш қымсынбастан кәдеге жарату профессионализм деуге келе ме? Бұқараның соншалықты наразылығына себеп болған өз ісіне қауқарсыз жауапты тұлғалар жауапкершілікке тартылды ма? ҰБТ-ға өрескел қателіктерді жіберген тестологтар дисквалификацияланды ма?

Осындай келеңсіздіктерге негізгі себеп жүйеден деп ойлаймыз. Сондықтан:

1) Оқу бағдарламасының, оқулықтардың, ҰБТ-ның жүйесіндегі сабақтастықты қалыптастыру керек. Осы орайда, нақты жауап күтеміз.

2) Осындай аса жауапты дүниені қоғамдық талқыдан, жақсы сүзгіден өткізудің жүйесін қалыптастырып, ұсынуларыңызды талап етеміз. (Кейін құпиялығын комбинациясын өзгерту арқылы жасауға болады).

Жауабын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймыз.

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері**

Б. Тілеухан

**«Халық коммунистері»
партиясының мүшесі**

Қ. Сұлтанов

Е. Бектұрғанов

Н. Жұмаділдаева

Г. Қарағұсова

Б. Мамраев

К. Мұсырман

Ш. Өтемісов

А. Тасболатов

М. Теміржанов

Н. Смирнова